

А.Б. Баймбетова\*, э.ғ.к., профессор м.а.<sup>1</sup>

Ж.А. Дулатбекова, э.ғ.к., қауымд. профессор<sup>1</sup>

Садыков Ж.А., PhD, доцент<sup>2</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Астана қ., Қазақстан<sup>1</sup>

Esil University, Астана қ., Қазақстан<sup>2</sup>

\* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: asel\_baymbetova@mail.ru

## ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ТУРИСТІК КӘСІПОРЫНДАР ҚЫЗМЕТІН ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Мақалада туризм саласында туристік өнімді жасаушы, оның ішінде орналастыру, тамақтандыру, тасымалдайтын және жылжыту мен басқа да жиынтық қызметін ұсынатын кәсіпорындардың қызмет нәтижелерінің қарқыны мен мәселелері зерттелген. Туристік кәсіпорындар қызметінен кәсіпкерлік қызмет ретінде субъектілердің мақсат ететін пайда табуы туристік өнімді дайындау мен оны тұтынуды ұйымдастыру, экономиканың басқа да салаларының әрекеттерінен тұрады. Ол қызметте туристік қызмет түрлерін ұсынатын туроператорлар мен туристік агенттіктердің қызметтері де ескерілген. Мақалада зерттеудің мақсаты – туристік кәсіпорындар қызметін қолдау шараларының маңызын ашып және оны жетілдірудің қажеттілігін ұсыну болып табылады. Зерттеуде экономикалық-статистикалық, факторлық талдау мен маркетингтік зерттеу әдістері қолданылды. Авторлармен көрсетілген туристік кәсіпорындармен қызметтер көлемі және оның қарқыны, арнайы экономикалық аймақтың құрылымы және оның туристік кәсіпорындарға әсері, өңірлер бойынша бөлінген инвестиция көлемі, басқада бөлінген қаражат көлемі мен оның мақсатты пайланылуы, туризм саласында қызмет ететін кәсіпорындарды қолдаудағы негізгі мәселелері айқындалды. Орналастыру орындары, келушілерді тасымалдау және оларға сапалы тамақтандыру қызметтерін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін арнайы экономикалық аймақты құрудың берген мүмкіндігі сараланды. Мақалада Қазақстанда туристік кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау нәтижесінде саны 44 пайызға артқандығын нақтылап және кәсіпорындар қызметінің сапалық деңгейін көтеріп, болашақта дамыған елдердің туристік стандарты тәжірибиесіне негізделген аймақты қалыптастыру мүмкіндіктері ұсынылды.

**Кілт сөздер:** туризм саласы, туристік кәсіпорын, кәсіпорын қызметі, инвестиция, қолдау шаралар, жетілдіру, экономикалық аймақ.

**Ключевые слова:** сфера туризма, туристское предприятие, предпринимательская деятельность, инвестиция, поддержка, совершенствование, экономическая зона.

**Keywords:** tourism sector, tourism enterprise, entrepreneurial activity, investment, support, improvement, economic zone.

**Кіріспе.** Қазіргі күні, туризм саласы дамыған елдердің тәжірибесінде алатын болсақ, туристік кәсіпорындардың ұсынатын қызметтерін қолдау және жетілдіру тек қана кәсіпорынның ғана емес, сонымен бірге ішкі туризмді дамытуға мүмкіндік береді. Мақсатты бөлінген қаражаттың мақсатты түрде қолдау шараларына жұмсалғандығы керек [1]. Кәсіпкерлікті қолдау бүгінгі таңда нарықтық қатынастардың кеңеюімен және инвестициялық қаражат көздерінің тартумен, бәсекеге қабілетті болуға алып келетіні анық. Кәсіпорындардың дамуына, нарықтық экономикалық белестерді еңсеруге қолдау есебінен дамытуға болады. Халықаралық деңгей мен брендтік деңгейде дамуына кәсіпорынның табысы мен оны қолдау кезіндегі шаралар тікелей әсер ететіні нарықта анық [2]. Туризм нарығының дамуы өте қарқынды дамуда, осыған орай туристік қызметтердің қандай түрлері сұраныста өзекті болатынына, туристік кәсіпорындардың икемді болуына да тікелей әсер етеді. Көптеген туристік кәсіпорындар аймақтардың даму ерекшеліктеріне қарай қызметтерді ұсыну керек. Мұндай сұранысқа ие қызметтерді ұсыну олардың дамуына және тұтынушылар үшін туристік құндылықтарды ұсына алады. Туризм саласында ескеретін дүние экономика, әлеумет, саяси және басқа да жағдайлар тікелей әсер етеді.

Мақаланы ұсынудағы басты мақсат туризм саласындағы туристік кәсіпорындар қызметін қолдаудағы кәсіпкерлік қабілеттілікті жетілдіру бойынша ұсыныстарды қалыптастыру. Ал, практикалық мәні мақаланың туристік кәсіпорындардың қызметін оңтайландыру кәсіпорындармен қарым-қатынас ғана емес, туристік бизнесті дамытуға жағдай жасайды. Индет салдарынан шектеулер

болған жылдарында туризм саласындағы кәсіпорындар ішкі туризмді дамытуға көңіл бөліп назар аудара бастады. Кәсіпорын қызметтерін қолдау шараларын қарастыруға мүмкіндік береді.

*Зерттеу әдістері.* Мақаланы жазу барысында регрессиялық талдау, салыстырмалы талдау және болжам әдістері қолданылды.

Зерттеуді жүргізу кезіндегі пайдаланылған әдістер еліміздің туризм саласына салынған инвестиция көлеміне қатысты мәліметтерді жинақтауға, регрессиялық талдау жасауға, оның нәтижесінде алдағы уақытқа болжау жасауға және туризм саласын сипаттауға мүмкіндік беріп отыр. Қарастырылып отырған мәселе туризм саласында алдағы уақытта кәсіпкерлікті қолдаудағы болжамды жасау әдісін пайдалануға мүмкіндік берді. Осы регрессиялық талдау мен салыстырмалы экономикалық көрсеткіштерге болжау жасау мақаланы қорытындылау үшін көңіл бөлетін логикалық зерттеу әдәсі пайдаланылды. Регрессиялық талдау туристік кәсіпорындардың қызмет көрсеткіштерінің 2019 жылдан кейін төмендегенін және арнайы бағдарламалар арқылы қайта қалпына келтіру қажеттілігін айқындап отыр.

**Әдебиеттік шолу.** Мақаланы орындау барысында көптеген отандық және шетел ғалымдарының еңбектері мен тұжырымдарына зерттеу жұмыстары жасалынды. Туристік қызмет пен туристік саладағы туристік кәсіпорындардың маңызын және мәселелеріне қатысты зерттемелер жасаған Н.Ю. Веселова [1], кәсіпкерлік қызметтің институционалдық ортасын қалыптастыру тұжырымдамасын жасаған М.К.Әлиев, Ж.С.Тажимаева мен М.А. Алтынбековтың [2] және қалыптасқан туристік сала кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру шарттарын ұсынған Ж.З.Арынова, А.Ж.Нурмаганбетова, А.Т.Искакова мен Ж.Ж.Тебаевтың [3] және аталған мәселені туристік дестинацияда қолға алу ашарасын ұсынған А.Т. Глеубердинова мен Д.М.Салауатованың [4] еңбектерінен көруге болады.

Р.А. Берк аталған мәселенің әсерін факторлық талдау арқылы көз жеткізуге болатынын және оның туристік сала көрсеткіштеріндегі әсерлік маңызын нақты анықтауға болатынына еңбектерінде тұжырымдама жасаған [6].

Сонымен қатар, түрлі саланы дамытуға бағытталған мәліметтер мен жоба мәліметтері қарастырылды. Бүгінгі таңда туризм саласындағы кез-келген шара болсын, жоба болсын мемлекет пен жеке кәсіпкерліктің тарапынан қолдауларды талап етеді.

Туризм саласында туристік кәсіпорындарды қолдау пайда табу мақсатында туристік кәсіпорындарға инвестицияларды жұмсау туризм саласының дамуына тікелей байланысты болып отыр. Қазақстан экономикасының жағдайы туризм саласының даму болашағын айқындап жоспарлауға мүмкіндік береді. Туризм саласын дамытуға бағытталған бағдарлама қызметтердің жоғары табысты және қарқынды дамуына септігін тигізіп отыр. Бағдарламалар негізінде туризм саласындағы туристік кәсіпорындар экономиканың барлық саласына, сонымен қатар қоғамның әл-ауқатына күшті серпін беретін индустрия екені анық. Туризм саласы дамыған елдермен, яғни шекаралас мемлекеттермен бәсекеге қабілетті туристік орта болуына мол мүмкіншілігі бар.

**Негізгі бөлім (нәтижелер мен талқылау).** Туристік кәсіпорындардың қызметін қолдау шараларын зерттеу кезінде кәсіпкерлікке бағытталған қаражат көлемі қарастырылды. Алдағы уақыттағы болжам көрсеткіштерінің сипатын көруге болады. Туризм саласын инвестициялау туристік кәсіпорындардың қызметтердің ұсынуына тартылатын капитал көзі болып табылады. Жұмсалатын инвестиция көлемі дегенімен, салынған қаражат капиталынан артқан кезінде ол инвестициялық салым болып табылады. Салынған инвестиция көлемінің ұсынылған туристік кәсіпорындардың қызметтерінің шығынын жауып, туристік инвестициялардың тиімділігі байқалғанда анықталады. Бүгінде қызмет көрсету саласына салынатын қаражаттар артып келеді және оған әлеуеті бар елдер қатарындамыз. COVID-19 шектеулерінен кейінгі туризм саласының жағдайы жақсара бастады. Еліміздегі туристік әлеуетті байқаған жерілікті адамдар, еліміздің басқа да өңірлеріне саяхаттауды қарқынды бастап кетті [4].


Осыған орай, туризм саласындағы кәсіпорындар туристік қызметті өндіруден және тұтынуға дейінгі қызметтерді ұсынатын кәсіпорындар жиынтығы. Туристік кәсіпорындар қызметі кәсіпкерлік қызмет ретінде пайда табу мақсат ететін субъектілердің туристік өнімді жасау және тұтынуды ұйымдастыру мен басқада экономикадағы сала қызметтерін тұтынушыға жеткізудегі әрекеттерден тұрады. Олар туристік қызмет түрлерін ұсынатын туроператорлар мен туристік агенттіктер.

Жалпы елімізде 2021 жылы 1189020 кәсіпкерлік қызметпен айналысатын кәсіпкерлік субъектілер тіркелген. Туризм саласында қызметін жүзеге асырып отырған кәсіпорындар Туризм саласында туристік өнімді жасаушы, жабдықтаушы кәсіпорындарда, оның ішінде орналастыру, тамақтандыру, тасымалдайтын кәсіпорындардағы жұмысшылар саны 31680 жұмысшыны құрап,

елдің жұмыссыздық көрсеткішін төмендетуде елеулі үлес қосуда. Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасына сәйкес туризм саласында жалпы 170 мыңнан аса жұмысшыны жұмыспен қамту 2025 жылдарға дейін жоспарланып отыр.

Туризм саласындағы кәсіпорындармен 2021 жылы өндірілген өнім 825133,3 млн. теңгені құрады және 6 мыңнан аса еліміздің азаматтарын жұмыспен қамтып отыр. Бұл көрсеткіш тек туристік фирмалар бойынша ақпарат. Дегеніміз кәсіпорынның кірісі шығынның артуымен, кемуіне қатысты өзгерістерге тәуелді екенін төмендегі суретте көрініп отыр [5].


Туристік кәсіпорындардың қызметін қолдау шараларына жаңа өндірістік әдістер мен жаңа қызмет түрлерінің дамуы, салаға тартатын инвестициялар көлемін арттыру, қолдау шараларына қатысты мемлекеттік саясатқа сәйкес қызмет ету, туризмдегі материалдық және материалдық емес қызметтерді үйлестіру, оларды туристерге ұсыну және пайдалану құнын реттеу болып табылады.



1-сурет. Туристік кәсіпорындар қызметіндегі көрсеткіштердің байланысы\*

\* Авторлармен құрастырылған

Сызықтық регрессия әдісін пайдалана отырып, регрессиялық талдауды 1-суретте көруге болады. Мұнда негізгі көрсеткіштердің бірі R-шаршы. Ол модельдің сапасын көрсетеді. Біздің жағдайда бұл коэффициент 0,6955 және 0,7039 немесе шамамен 60-70 % аралығын құрайды. Бұл туристік кәсіпорындар қызмет көлемінің қолайсыздық деңгейі. 0,5-тен көп болып табылады, яғни нашар деңгейді көрсетіп отыр. Тағы бір маңызды көрсеткіш ұяшықта «Ү қиылысы» жолы мен «коэффициенттер» бағанының қиылысында орналасқан. Мұнда Ү мәні қандай болады, ал біздің жағдайда бұл нөлден де төмен. Егер ұсынылып отырған мәселені жеке қарастырып өтсек, келесі суреттен көруімізге болады [6].



- ◆ Қазақстан Республикасына келген резидент емес келушілердің саны, млн.адам
- Шетелге шығып кеткен Қазақстан Республикасына резидент келушілерінің саны, млн.адам

2-сурет. Қазақстандағы туристік кәсіпорындармен көрсетілген жалпы қызмет көлемі\*  
\* Авторлармен құрастырылған

Жоғарыда ұсынылып отырған талдау нәтижесі туристік кәсіпорын қызмет көрсеткішінің соңғы жылдары төмендегенін және шаралар арқылы оңалту қажеттігін көрсетіп отыр. Келесі кестеде сандық көрсеткіштердің болжамдық көрсеткіште туристік сала қызметінің шығыны төмендігімен, кірісінің де төмендеу көрсеткіші 1-кестеде байқалып отыр.


1-кесте

Туристік кәсіпорындар қызметінің кірісі мен шығыны және оның болашағы\*

Көрсеткіштер	Жылдар							
	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
	нақты					болжам		
Туристік сала субъектілерінің кірісі, млн.тг.	84515,6	54677,6	59583,8	30293,4	89717,5	59563,5	58165,4	56767,4
Туристік сала субъектілерінің шығыны, млн.тг.	75558,0	128824,8	38355,7	27388,9	40546,4	10697	10483,1	9656,4

\* Авторлармен құрастырылған

Жоғарыда кестеде көріп отырғанымыздай туристік кәсіпорындардың болашақ үш жылдағы болжамы 2021 жылдың нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда шығынның 76 пайызға төмендеуі көрсеткіші кірістің 36 пайызға төмендеуіне, яғни артуына апармайтындығын көрсетіп отыр. 2021 жылдың көрсеткішін 2020 жылмен салыстырғанда 2 есеге артқан, бірақ туристік кәсіпорындар шығынында 48 пайызға артып отыр.



2017 жылы 2018 жылы 2019 жылы 2020 жылы 2021 жылы 2022 жылы 2023 жылы 2024 жылы  
 — Туристік операторлардың, туристік агенттердің және туризм саласында қызмет көрсететін өзге де ұйымдардың қызметі шығыны, млн. тенге  
 — Туристік операторлардың, туристік агенттердің және туризм саласында қызмет көрсететін өзге де ұйымдардың қызметінің кірісі, млн. тенге

**3-сурет. Туристік кәсіпорындар қызметінің кірісі мен шығыны арасындағы байланысы\***

*\* Авторлармен құрастырылған*

Туризм саласындағы кәсіпорындар қызметін оңтайландыру мақсатында дамытуға байланысты инвестиция көлемі де, тартымдылығы да және саланы дамытуға жобаларды қаржыландыру да арта бастады. 2021 жылы туризм саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі өңірлер бойынша 564,4 млрд. теңгені құрады. Ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша инвестиция көлемі 101,9 млрд. теңгені құрып отыр.

Туристік кәсіпорындардың шығынын оңтайландыру мақсатында келесідей мемлекеттік қолдаулар, оның ішінде 2022 жылдан бастап:

- туристік саладағы қызмет нысандарын салу мен қайта жөндеуде 10 пайызын өтеу;
- туристерді тасымалдауға қажетті 8 орындық автобустарды сатып алуға жұмсалған шығындардың 25 пайызын өтеу;
- жол бойында қызмет көрсететін нысандарды салуға 10 пайызын өтеу;
- шағын және орта бизнес субъектілерінің санитарлық тораптарды ұстауға айына 83300 теңге субсидиялау қарастырылған.

2021 жылы туристік кәсіпорындар қызметін оңтайландыру мақсатында 1 қаңтардан бастап келесідей мемлекет тарапынан қолдау шаралары:

- шетелдік туристерді тартудағы туроператорлардың шығындарын өтеуге 15000 теңге субсидиялау;
- балаларды туристік сапар кезінде тасымалдау билетінің құнын субсидиялау;
- тау шаңғысында қолданылатын техника мен жабдықтарды сатып алуға кеткен шығынның 25 пайызын өтеу және тағы басқада қолдау шараларын іске қосылуы. Сонымен қатар, Заңнамаға кейбір елдерге визасыз режимді қолдану және лицензиялауда, жарнаны енгізуде бірқатар өзгерістер енгізілді.

2019 жылы ТОП-10 туристік дестинация мемлекеттік бағдарламаға сай енгізіліп, оның басым инфрақұрылымдық жағдайы айқындалып, инфрақұрылымдық жағдайын жақсартуға 422 млрд. теңгені құрайтын 178 жобалар қабылданды. Енгізілген жобалардың ішінде Түркістандағы «Керуен Сарай» кешені (88 млрд. теңге), Ақтаудағы «Тетис Блу» тақырыптық паркі (47,7 млрд.теңге), Алматыдағы «Swissotel» (38,5 млрд. теңге), Алматыдағы «Holiday Inn Express» (4,3 млрд теңге), Шымкенттегі «Дора» қонақ үйі (2,1 млрд. теңге) және т.б. [7].

Аталған жобаларда туристік инфрақұрылымды жақсарту қолға алынған. Оның ішінде Түркістан облысы бойынша инфрақұрылымды дамыту «Түркістан» арнайы экономикалық аймақ (АЭА) ретіндегі мүмкіндіктері де елеулі қолдау көрсетеді [8]. Арнайы экономикалық аймақтарда жұмыс жасайтын туристік кәсіпорындар туристік өнімді өндірудегі елеулі шығындарды алатын салықтық жеңілдіктерді де пайдалануға мүмкіндік алады. Туризм саласын дамытуға қатысты туризде АЭА Қазақстан Республикасы Президентінің № 512 Жарлығымен 2017 жылға дейін

«Бурабай» АЭА құрылған болатын. Арнайы экономикалық аймақтың туристік кәсіпорындар үшін беретін қолдаулары:

- корпоративтік табыс салығынан – 0 пайыз;
- кеден баждарынан – 0 пайыз;
- мүлік салығынан – 0 пайыз;
- ҚҚС – 0 пайыз;
- жер салығынан – 0 пайыз жеңілдіктер алды және жерді жалдау ақысынан он жылға босатылды [9].

«Бурабай» АЭА құрудың негізгі мақсаты инфрақұрылымды дамыту, туристерге қажетті ақпараттық орталықтарды құру, шағын авиацияны пайдаланатын базаларды құру және т.б. болған. Туризм саласында қызмет ететін туристік өнімді қалыптастыруға мүмкіндік беретін орналастыру мен тасымалдау және тамақтандыру қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін арнайы экономикалық аймақты құрудың берген мүмкіндігі көп болды. Инвесторларды тартуда, оның ішінде Щучье-Бурабай курорттық аймағындағы қонақ үйінің ашылуына және курорттық базалардың жасақталуына да бір мүмкіндік болды. Арнайы экономикалық аймақтың қызмет ету тұсында орналастыру орындарының саны 44 пайызға артты. Кәсіпкерлік қызметті қолдап оны дамыту бүгінгі кезде нарықтағы орын алып жатырған экономикалық, әлеуметтік және т.б. қатынастардың кеңінен етек алуына, сонымен қатар инвестициялық қаржы көздерін тарту мен нысандарының табылуы, нарықтағы бәсекелестіктің алдын алып, бәсекеге қабілетті болуға алып келетіні айдан анық. Бүгінгі таңда кеңінен етек алған қызмет көрсету мен тауар өндірудің белесі кәсіпорындардың нарықта орын алуына, дамуына және түрлі экономикалық кезеңдер мен өзгерістерді еңсеруге қолдау арқылы дамытуға болады. Туристік нарықты дамыту туристік кәсіпорындардың заман мен туристердің талаптарына икемді болуына да тікелей әсер зор.

**Қорытынды.** Зерттелген мәселе туризм саласындағы туристік кәсіпорындар қызметін қолдау шараларын жетілдіруді бүгінгі таңда қажет ететіндігін көрсетіп отыр. Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері арнайы экономикалық аймақтарды құру кезіндегі туристік кәсіпорындардың шығынын төмендетіп, оның кірісін арттыруға септігін тигізетіні анық, ал туристік кәсіпкерлікпен айналысудағы тартымдылықты арттыруға алып келеді: туристік салада кәсіпкерлікті қолдау мақсатында туристік ресурстардың мол аймағы мен тартымды туристік өңірлерге арнайы экономикалық аймақтардың қолдау шараларын қолдану және инвестициялық преференцияларды қолға алу, мемлекеттік жобалар негізіндегі гранттарды осы саланың кәсіпкерлігіне бағыттап ұсынуды арттыру қолға алу қажет. Аталған ұсыныстар әсіресе, «Алматы тау кластері» арнайы экономикалық аймағын қалыптастыру туристік кәсіпорындардың мүмкіндіктерін арттырып, дамыған елдердің туристік стандартына негізделген аймақтың қалыптасуына септігін тигізеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Веселова Н.Ю. Организация туристской деятельности: учебное пособие. – 3-е изд., стер. – Москва: Дашков и К., 2021. – 254 с.
2. Әлиев М.К., Тажибаева Ж.С., Алтынбеков М.А. Қазақстанда кәсіпкерліктің институционалдық ортасында қалыптастыру // ҚазЭҚХС университетінің Жаршысы. – 2023. – №2 (51). – Б. 30-37.
3. Арынова Ж.З., Нурмағанбетова А.Ж., Искакова А.Т., Тебаев Ж.Ж. Қазақстанның туризм саласындағы кәсіпкерлік субъектілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру шарттары // ҚазЭҚХС университетінің Жаршысы. – 2022. – №2 (47)41. – Б. 298-305.
4. Тлеубердинова А.Т., Салауатова Д.М. Система показателей, определяющих конкурентоспособность услуг туристских дестинаций // ҚазЭҚХС университетінің Жаршысы, – 2021. – №3 (44). – Б. 58-64.
5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты [Электронды ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/22/publication>.
6. Berk R.A. Statistical learning from a regression perspective. – 2-nd ed. – Cham: Springer. – 2016. – XXV. – 347 p.
7. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262>.

8. Қазақстан Респубикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитетінің ақпараттық ресурсы [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/comprom/activities/1182?lang=kk>.

9. «Бурабай» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы № 512 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 225 қаулысы // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U080000512\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U080000512_).

## REFERENCES

1. Veselova N.Yu. Organizaciya turistskoi deyatelnosti: uchebnoe posobie [Organization of tourist activities: a teaching aid]. – 3-e izd., ster. – Moskva: Dashkov i K., 2021. – 254 s. [in Russian].

2. Aliev M.K., Tazhibaeva Zh.S., Altynbekov M.A. Kazakstanda kasipkerliktin institucionaldyk ortasynda kalyptastyru [Formation in the institutional environment of entrepreneurship in Kazakhstan] // KazEKHS universitetinin Zharshysy. – 2023. – №2 (51). – B. 30-37 [in Kazakh].

3. Arynova Zh.Z., Nurmaganbetova A.Zh., Iskakova A.T., Tebaev Zh.Zh. Kazakstanny turizm salasynyndagy kasipkerlik subektilderin basekege kabilettiligin arttyru sharttary [Conditions for increasing the competitiveness of business entities in the field of tourism of Kazakhstan] // KazEKHS universitetinin Zharshysy. – 2022. – №2 (47)41. – B. 298-305 [in Kazakh].

4. Tleuberdinova A.T., Salauatova D.M. Sistema pokazatelej, opredelyayushih konkurentosposobnost uslug turistskih destinacij [A system of indicators that determine the competitive ability of services of tourist destinations] // KazEKHS universitetinin Zharshysy, – 2021. – №3 (44). – B. 58-64 [in Russian].

5. Kazakstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ultytk statistika byurosynyn resmi saity [Official site of the National Statistics Bureau of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] [Elektronny resurs]. – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/22/publication> [in Kazakh].

6. Berk R.A. Statistical learning from a regression perspective. – 2-nd ed. – Cham: Springer. – 2016. – XXV. – 347 p.

7. Kazakstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudy 2023-2029 zhyldarga arналган tuzhyrymdamasyn bekitu turaly [On approval of the concept of the development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029] [Elektronny resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> [in Kazakh].

8. Kazakstan Rsepublikasy Industriya zhane infrarylymдык даму министрлігінin Industriyalyк даму комитетінin ақпараттық ресурсы [Information resource of the Industrial Development Committee of the Ministry of Industry and Infrastructure Development of the Republic of Kazakhstan] [Elektronny resurs]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/comprom/activities/1182?lang=kk> [in Kazakh].

9. «Burabai» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Kazakstan Respublikasy Prezidentiniyn 2008 zhylygy 15 kantardagy №512 Zharlygyna ozgerister engizu turaly Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti Zharlygynyn zhobasy turaly. 2017 zhylygy 27 sauirdegi №225 kaulysy [On the draft of the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan on making changes to the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated January 15, 2008 No. 512 «On the creation of the Burabay» special economic zone. Resolution No. 225 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 27, 2017] // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U080000512\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U080000512_) [in Kazakh].

Баймбетова А.Б., Дулатбекова Ж.А., Садықов Ж.А.

## СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕР ПО ПОДДЕРЖКЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТУРИСТСКИХ ПРЕДПРИЯТИЙ В СФЕРЕ ТУРИЗМА

### Аннотация

В статье исследуются темпы и проблемы результатов деятельности предприятий, создающих туристский продукт в сфере туризма, в том числе предоставляющих размещение, питание, транспортировку и продвижение и другие совокупные услуги. Получение субъектами целевой прибыли от деятельности туристских предприятий как предпринимательской деятельности заключается в организации подготовки и

потребления туристского продукта, деятельности других отраслей экономики. В этой деятельности также учтены услуги туроператоров и турагентств, предоставляющих туристские услуги. Цель исследования в статье – раскрыть значение мер поддержки деятельности туристских предприятий и предложить необходимость ее совершенствования. В исследовании использовались методы экономико-статистического, факторного анализа и маркетингового исследования. Авторами определены объем услуг и их темпы с туристскими предприятиями, структура специальной экономической зоны и ее влияние на туристские предприятия, объем инвестиций, выделенных по регионам, объем других выделенных средств и их целевое использование, основные вопросы поддержки предприятий, работающих в сфере туризма. Проанализирована возможность создания специальной экономической зоны для предприятий, осуществляющих услуги по размещению, транспортировке посетителей и качественному питанию. В статье уточнено, что в Казахстане в результате государственной поддержки туристских предприятий количество увеличилось на 44%, и предложены возможности повышения качественного уровня деятельности предприятий и формирования в будущем региона, основанного на опыте туристских стандартов развитых стран..

**Baimbetova A., Dulatbekova Zh., Sadykov Zh.**

**IMPROVEMENT OF MEASURES TO SUPPORT THE ACTIVITIES  
OF TOURISM ENTERPRISES IN THE SPHERE OF TOURISM**

**Annotation**

The article examines the dynamics and problems of the results of activities of enterprises that develop tourism products in the field of tourism, including accommodation, catering, transportation and providing promotion and other aggregate services. The intended profit of entities from the activities of tourism enterprises as an entrepreneurial activity consists in the organization of the preparation and consumption of tourist products, the activities of other sectors of the economy. The service also takes into account the services of tour operators and travel agencies that provide tourist services. In the article, the purpose of the study is to reveal the importance of measures to support the activities of tourist enterprises and suggest the need for its improvement. The study used methods of economic-statistical, factor analysis and marketing research. The authors identified the volume and dynamics of services provided by tourism enterprises, the structure of the Special Economic Zone and its impact on tourism enterprises, the volume of investments allocated by Regions, the amount of other allocated funds and their targeted use, the main issues of supporting enterprises operating in the field of Tourism. The possibility of creating a special economic zone for enterprises that provide accommodation facilities, transportation of visitors and high-quality catering services to them was analyzed. The article clarified that the number of tourism enterprises in Kazakhstan increased by 44% as a result of state support, and proposed opportunities for improving the quality level of enterprises' activities and forming a region based on the experience of the tourist standard of developed countries in the future.

